

<sup>1</sup>Есіркепов Ж.М.<sup>а</sup>, <sup>1</sup>Құрманбаев Б.І., <sup>1</sup>Анарбаев А.Қ., <sup>2</sup>Қуатбеков Ш.Н.,  
<sup>1</sup>Жилисбаев Н.К.

<sup>1</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан  
<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

## ЖАСӨСПІРІМ БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫ ЖАРЫСҚА ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДА ӘДІС-ТӘСІЛДІК ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ЕСЕБІН (БАҚЫЛАУ) ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ

Есіркепов Жандос Мергенбайұлы, Құрманбаев Болат Ізтілеуұлы, Анарбаев Алмас  
Қазыбекұлы, Қуатбеков Шеризат Ниеталыұлы, Жилисбаев Нағашбек Келесбекұлы

**Жасөспірім баскетболшыларды жарысқа дайындау барысында әдіс-тәсілдік  
әрекеттерінің есебін (бақылау) жүргізу әдістері**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада еліміздегі жасөспірімдер арасында баскетбол спортының даму қарқыны мұқият зерттеліп, дене шынықтыру мұғалімдерімен сұхбат жүргізу арқылы мектептерде баскетбол үйірмесінің тиісті деңгейде жүргізілмеуі мәселе ретінде қарастырылады. Ал, жүргізіліп жатқан баскетбол үйірмелеріндегі жасөспірім баскетболшылардың жарыстар алдындағы әдіс-тәсілдік әрекеттерін шынайы бағалау үшін есепке алудың (бақылаудың) ең тиімді нұсқасы ұсынылады. Жаттықтырушыға бұл әдісті қолдану арқылы күнделікті оқу-жаттығу үдерісіне өзгерістер енгізіп, баскетболшылардың шеберлігін арттырып, артықшылықтары мен кемшілік тұстарын бақылап отыруға үлкен мүмкіндік туатындығы баяндалады. Отандық және шетелдік ғалымдардың осы тақырып аясындағы еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізіліп, ойын барысында ойыншылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерін жазудың әртүрлі әдістерін (графикалық жазба, бейнежазба, стенографиялық жазба) қолдануға болатындығы зерделенді. Авторлар ұсынған есепке алу (бағалау) карточкасы арқылы жасөспірім баскетболшының әдіс-тәсілдік әрекеттері және команданың шабуыл мен қорғаныстағы қимыл әрекеттерінің саны мен сапасын анықтап, жалпы және арнайы дене дайындықтары мен дене қабілеттерінің әлсіз тұстарын жетілдіру бағытында оқу-жаттығу процесін дұрыс жоспарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаттықтырушы оқу-жаттығу сабақтарында жасөспірім баскетболшыларды жауапты жарыстарға дайындау барысында әдіс-тәсілдік әрекеттерді монотонды емес, жаттығуларды түрлендіріп, үнемі өзгертіп, спортшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерінің есебін жүргізуді негізге алып отырса үздік нәтижеге жетуге болатындығы тәжірибе жүзінде дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** баскетбол, әдіс-тәсілдік әрекет, оқу-жаттығу процесі, спорт үйірмесі.

Yessirkepov Zhandos Mergenbaevich, Kurmanbaev Bolat Iztileuovich, Anarbayev Almas  
Kazbekovich, Kuatbekov Sherizat Nietalyuly, Zhilibayev Nagashbek Kelesbekovich

**Accounting (control) methods technical and tactical actions of teenage basketball players in  
preparation for competitions**

**Abstract.** This article examines the ways of developing basketball among teenagers in the country, and through interviews with physical education teachers, the lack of basketball clubs of the appropriate level in schools is considered as a problem. The most effective accounting (control) option is proposed for an objective assessment of the technical and tactical actions of young basketball players before competitions in basketball clubs. Using this method, the coach has an excellent opportunity to make changes to the daily training process, improve the skills of basketball players, and see their advantages and disadvantages. A comprehensive analysis of the work of domestic and foreign scientists on this topic has been carried out, and the possibility of using various methods (graphic recording, video recording, transcript) of fixing the actions of players during the game has been studied. With the help of the assessment card presented by the authors, it is possible to determine the quantity and quality of technical and tactical actions of a teenage basketball player, offensive and defensive actions of the team, as well as correctly plan the training process in the direction of improving weaknesses in general and special physical training. In addition, practice has proven that the best results can be achieved if the coach, when preparing young basketball players for responsible competitions, does not train monotonously, but constantly changes the types of exercises and keeps records of the technical and tactical actions of athletes.

**Key words:** basketball, technical and tactical actions, training process, sports section.

Есиркепов Жандос Мергенбаевич, Курманбаев Болат Изтилеуович, Анарбаев Алмас Казбекович, Қуатбеков Шеризат Ниеталыұлы, Жилисбаев Нағашбек Келесбекович

**Методы учета (контроля) технико-тактических действий баскетболистов-подростков при подготовке к соревнованиям**

**Аннотация.** В данной статье изучаются пути развития баскетбола среди подростков в стране, а посредством проведения интервью с учителями физкультуры рассматривается как проблема отсутствие баскетбольных клубов соответствующего уровня в школах. Предлагается наиболее эффективный вариант учета (контроля) для объективной оценки технико-тактических действий юных баскетболистов перед соревнованиями в баскетбольных кружках. Используя этот метод, тренер имеет прекрасную возможность внести изменения в ежедневный тренировочный процесс, улучшить навыки баскетболистов, увидеть их преимущества и недостатки. Проведен комплексный анализ работ отечественных и зарубежных ученых по данной теме, а также изучена возможность использования различных методов (графической записи, видеозаписи, стенограммы) фиксации действий игроков во время игры. С помощью представленной авторами (оценочной) карточки можно определить количество и качество технико-тактических действий баскетболиста-подростка, наступательных и защитных действий команды, а также правильно спланировать тренировочный процесс в направлении совершенствования слабых сторон в общей и специальной физической подготовке. Кроме того, практикой доказано, что наилучших результатов можно достичь, если тренер при подготовке юных баскетболистов к ответственным соревнованиям проводит тренировки не монотонно, а постоянно меняет виды упражнений и ведет учет технико-тактических действий спортсменов.

**Ключевые слова:** баскетбол, технико-тактические действия, тренировочный процесс, спортивная секция.

**Негізгі ережелер.** Зерттеу жұмыстарының негізі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін жан-жақты талдап, үздік нәтиже көрсетуге негізделген. Жүргізілген талдау негізінде жасөспірім баскетболшыларды жарысқа дайындау барысында әдіс-тәсілдік әрекеттерінің есебін жүргізудің әдістері айқындалды. Жасөспірім баскетболшыларды жарыстарға дайындау процесінде графикалық жазба, бейнежазбаларды қолдану арқылы жетістікке жетуге болатындағы нақтыланды. Қазіргі жалпы білім беретін мектептерде жүргізіліп жатқан баскетбол үйірмелерінде жаттықтырушылардың көпшілігі ғылыми ізденіс жүргізбейді. Сондықтан бірсарынды жүргізілген жаттығулардың нәтижесі төмен болады. Мектептердегі баскетбол үйірмелерінің сапасын арттыру үшін жаттықтырушылардың кәсіби біліктілігін арттыру ұсынылады. Біз ұсынған әдіс-тәсілдік әрекеттер арқылы үздік ойыншылар мен командаларды дайындап, үздік нәтижелерге қол жеткізуге болады. Жасөспірім баскетболшыларды жарысқа дайындау барысында әдіс-тәсілдік әрекеттерінің есебін жүргізу әдістерінің артықшылықтары мен кемшілік тұстарына да мән берілді. Сонымен қатар, жасөспірім баскетболшыларды жарысқа дайындау барысында әдіс-тәсілдік әрекеттерінің есебін жүргізу әдісін оқу-жаттығу үдерісінде қолданудың соңғы көрсеткіші «спорттық нәтиже» болып табылады. Бұл тәжірибе жүзінде дәлелденді.

**Кіріспе.** Баскетбол ойыны 1891 жылы АҚШта пайда болғаннан бастап, әлемнің барлық еліне кеңінен тарап, баскетболмен шұғылданатын жасөспірімдер саны әлемде күн өткен сайын артып келеді. Баскетбол 1936 жылы Берлинде өткен XI-жазғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгеннен кейін

танымалдылығы жөнінен көшбастаушы ойындар қатарына енді [1].

Ойын ережелері күрделі болғанымен баланың ойы-өрісі мен қимыл әрекеттерін, дене сапаларын дамытуда үлкен мәнге ие. Біздің елімізде баскетболмен шұғылданатын жасөспірімдердің қатары соңғы үш жылмен салыстырмалы түрде қарағанда, республикалық «Ұлттық мектеп лигасы» мен облыстық деңгейде өтетін жарыстарға қатысатын командалардың саны барлық өңірлер бойынша біршама артып келеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (ҚР ОАМ) жанындағы Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының (ҰҒПДТО) 2023 жылдың соңында жариялаған мәліметтері бойынша республикадағы 7834 жалпы білім беретін мектепте 49378 спорт үйірмесі жұмыс жасайды. Оның ішінде: 20247 спорт үйірмесі ауыл мектептерінде, ал қала мектептерінде 29331 спорт үйірмесі жұмыс жасауда. Ауыл және қала мектептерінде 3819499 оқушы білім алатын болса, оның ішінде спорт үйірмелерінде шұғылданатындар саны 1368127 оқушы, яғни 35,8%-ды құрап отыр. Осы спорт үйірмелерінде шұғылданатын 35,8% оқушының қандай спорт түрлерімен шұғылданатыны туралы мәліметті талдап қарасак: Шахмат/дойымен - 254830, волейболмен - 241488, футболмен - 208456, баскетболмен - 133810, ұлттық спорт түрлерімен - 192997, үлкен тенниспен - 77373, күрес түрлерімен - 40501, шаңғы спортымен - 94446, конькимен сырғанаудан - 1409, басқа да спорт түрлерімен - 208111 оқушы шұғылданады [2].

Біз ҚР ОАМ ҰҒПДТО-ның мәліметтеріне талдау жасай отырып, спорттық ойындардың ішінде волейбол мен футболға қарағанда баскетболмен

шұғылданатын жасөспірімдердің қатары жүз мыңнан астам балаға аз екендігіне көз жеткіздік. Оның басты себебін нақтылау үшін Түркістан және Қызылорда облыстарының жалпы білім беретін мектептеріндегі дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерімен (37 мектептегі 326 дене шынықтыру мұғаліміне) сұхбат жүргіздік. Сұхбат 2023-2024 оқу жылында Халықаралық туризм және меймандостық университетінің (ХТМУ) «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша білім алатын студенттердің аталған облыстардағы жалпы білім беретін мектептерде педагогикалық практикадан өту барысында жүргізілді. Сұхбат барысында алынған ақпараттарды талдау келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік берді:

Мектептердегі көпшілік дене шынықтыру мұғалімдері жеке меншік оқу орындарында қашықтан оқығандықтан баскетбол ойынының (төрешілік) ережелерін толық меңгермеген. Баскетболдың ережелері өте күрделі болғандықтан және мұғалімдер өздеріне сенімді болмағандықтан үйірме жұмысын өткізуге құлшынысы жоқ.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарында білім алып, жұмыс жасап жатқан мамандар ЖОО-дағы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-дағы оқу жұмыс жоспарларында спорттық ойындар пәндері (соның ішінде баскетбол) бір академиялық кезеңде ғана өткізу жоспарланғанын (5 кредит, оның ішінде: дәріске - 15, практикаға - 30, ОБӨЖ-на - 15, БӨЖ-на - 90 сағат қарастырылған) атап өтті. Бұл мектептегі дене шынықтыру пәнінде баскетболды шала ойнап үйренген оқушы үшін, студенттік кезеңде баскетболдың әдіс-тәсілдері мен ережелерін толық меңгеруге өте аз сағат. Сондықтан жоғары оқу орнында білім алған кездерінде баскетболдағы допты иемдену және игеру әдістері мен тәсілдерін, ойын ережелерін тиісті деңгейде меңгермегендіктен спорт үйірмесін жүргізуге құлқы жоқтарын білдірді. Ал, волейбол мен футбол ойындарының ережесі баскетболға қарағанда жеңіл болғандықтан, ол спорт түрлерінен спорт үйірмелерін жүргізетін мамандар бойынша мәселе жоқ екендігін алға тартты. Бұл екі облыс бойынша жүргізілген мәлімет екендігіне назар аударсақ, республиканың басқа өңірлерінде де осындай өзекті мәселелер бар екендігіне көз жеткізуге болады.

Отандық ғалымдардың арасында Ш.А.Алдабергенов пен С.М.Абилкаиров [3], Т.А.Досмамбетов [4], А.Р.Абишев пен А.С.Мусабеков [5], Х.И.Исмаилова мен Б.М.Салимбеков [6], А.С.Иванов пен А.Т.Талғат [7], Л.И.Орехов пен М.З.Ескалиевтер [8] өз еңбектерінде жасөспірім баскетболшылардың жоғары нәтиже көрсетіп, әдіс-тәсілдік әрекеттерін жетілдіріп, баскетболшыға

қажетті дене сапаларын дамыту жаттығулары мен баскетбол элементтері басым қимыл-қозғалыс ойындарын күнделікті оқу-жаттығу процесінде қолдануды қарастырса, ал, шет елдік ғалымдардың арасында Л.П.Долженко мен Т.Б.Павлова [9] баскетболмен шұғылданатын 10-15 жас аралығындағы оқушылардың денсаулығы мен дене дайындығын дамыту бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізген. Осы және басқа ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасау барысында жасөспірім баскетболшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерін тек арнайы және жалпы дене жаттығулары мен қозғалыс ойындары арқылы жетілдіруге мән бергендігіне көз жеткіздік. Біздің ұсынған зерттеу жұмысымызда жасөспірім баскетболшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерін есепке алу (бағалау) арқылы кемшілік тұстарын анықтап, жеңіске жету жолдары қарастырылады.

**Зерттеудің мақсаты:** Түркістан және Қызылорда облыстарының жалпы беретін мектептерінде жүргізіліп жатқан спорт үйірмелеріне талдау жасау. Жасөспірімдерді баскетбол жарыстарына дайындау барысында әдіс-тәсілдік әрекеттерін карточка арқылы есеп алу (бақылау) әдісін тәжірибеге ендіру.

**Зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы.** Зерттеу жұмысы барысында ғылыми әдебиеттер мен мақалаларға талдау жасау. Кентау қаласындағы №14 мектеп командасының ойыншысы А.І.-нің алаңдағы қимыл әрекетін есепке алу (бақылау) карточкасы мен команданың нәтижелік карточкасын жүргізу. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен сұхбаттасып, мектептерде баскетбол үйірмесін жүргізудегі негізгі мәселелерді анықтау. Ойыншы мен команданың нәтижелерін математикалық өңдеу.

**Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.** Біз Түркістан және Қызылорда облысындағы мектептердегі дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен сұхбат барысындағы жауаптары мен туындаған мәселелерге жан-жақты талдау жасап, саралай келе жалпы білім беретін мектептердегі баскетбол үйірмесін жүргізетін жетекші мамандарға қолдау көрсету мақсатында Кентау қаласындағы білікті баскетбол жаттықтырушысы А.Исаевпен бірлесіп, спорт үйірмелерінде жасөспірім баскетболшыларды жарысқа дайындау алдында әдіс-тәсілдік әрекеттерінің есебін жүргізудің әдісін жасадық. Жалпы білім беретін мектептерде жұмыс жасап жатқан көптеген спорт үйірмесінің жетекшілері оқу-жаттығу үдерісінде терең ізденіс жасап, тың әдіс-тәсілдерді қолданбайтынын ескерсек, біз ұсынған әдіс арқылы жасөспірім баскетболшыларды жауапты жарыстарға дайындау барысында үлкен нәтижеге жетуге болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдедік.

Баскетбол ойынында жоғары нәтижеге жету үшін әрбір ойыншының әдіс-тәсілдік әрекеттері

мұқият зерделеніп, ұжымды жарысқа дайындаудың барлық алғышарттары жан-жақты қарастырылуы тиіс. Жасөспірім баскетболшылардың дене сапаларын дамытуға бағытталған барлық дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыс ойындарын мүмкіндігінше пайдалану, әрбір ойында жеңіске жетуге және жарыс кезінде команда ойыншыларының әдіс-тәсілдік әрекеттерін анықтауға мүмкіндік береді [10]. Бұл, жасөспірім баскетболшының қимыл әрекеті мен ойын техникасын меңгеру қабілеті неғұрлым жетілдіріліп, жолға қойылған болса, онда оның тәсілдік дайындығын жауапты жарыс қарсаңында барынша жан-жақты қолдануына мүмкіндігі мол болады. Өйткені, жасөспірім баскетболшылардың жарыстағы белсенді қимыл әрекеті - ойын жүйесіне, ойынды өз пайдасына шешуге, ойын тізгінін қолда ұстауға тікелей әсер етеді. Бұл команда мүшелерінің жұмған жұдырықтай бірігуі, жеңіске деген ұмтылысы, бірін-бірі түсінуі, жаттықтырушының берген нұсқау-тапсырмаларын мұқият орындағанда ғана нәтиже береді [11]. Жаттықтырушы берген тапсырмаларын оқу-жаттығу процесінде қатаң қадағалап, оқушылардың тыңғылықты орындауын бақылап отыруы қажет.

Бүгінгі таңда жасөспірімдер баскетболын дамытып, оқушылардың түрлі деңгейдегі жарыстарда тұрақты түрде жеңіске жетіп, жоғарыдан көрінуі үшін баскетболшылар айналма жаттығулар әдісін қолдану арқылы ағзаға түсетін дене жүктемелерінің көлемін ұлғайтып отыру қажет [12]. Жаттықтырушы оқу-жаттығу сабақтарында жасөспірім баскетболшыларды жауапты жарыстарға дайындау барысында әдіс-тәсілдік әрекеттерді бір сарынды (монотонды) емес, жаттығуларды түрлендіріп, үнемі өзгертіп, спортшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерінің есебін жүргізуді негізге алып құруды басты назарда ұстау керек. Кейбір білікті жаттықтырушылардың өзі оқу-жаттығу процесінде спортшының жеке ерекшеліктеріне мән бермей ағзасына түсетін шектен тыс жүктемелердің кері әсер ететінін ескермегендіктен жарысқа барғанда жиі жеңіліс табатыны тәжірибе жүзінде сан мәрте дәлелденген [13]. Осы мәселені барынша ескеріп, жаттықтырушылар оқу-жаттығу үдерісінде ойыншылардың әдіс-тәсілдік даярлықтарын жетілдіруде «жеңілден ауырға, «жеңілден қиынға» қағидасын қатаң сақтап, жүктеме көлемін реттеп, әрбір жаттығуды тың ізденіспен, заманауи бағытта («YouTube» арнасындағы білікті бапкерлердің сан алуан жаттығу түрлеріне талдау жасап), үйретудің жаңа техникаларын қолданып, жаңашылдықпен өткізуге ұмтылыс жасауы керек.

Біз тақырып аясында жүргізген зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін тәжірибеге енгізу үшін және жасөспірім баскетболшылардың әдіс-

тәсілдік әрекеттерін дамыту бағытында ҚР ОАМ жанындағы ҰҒПДТО-ның ұйымдастыруымен өтетін оқушылар спартакиадасында үздік ерлер командалары қатарынан көрініп жүрген Түркістан облысы құрама командасының аға жаттықтырушысы А.Исаев пен Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры, баскетболдан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы А.Валиев, ХТМУ-нің баскетбол командасының аға жаттықтырушысы А.Уразбаев сынды кәсіби білікті мамандардың жеке ой-пікірлері мен тың ұсыныстарын тыңдап, өмірлік тәжірибелерімен бөлістік. Аталған жаттықтырушылардың практикасында, жасөспірімдер командаларын жаттықтыру тәжірибелерінде біздің ұсынған идеямыз бұрынсоңды қолданыста болмағанын және жасөспірім баскетболшыларды дайындау ісінде өте өзекті екендігін аңғардық. Біз жасөспірімдер командасын жаттықтыруда қандай жаттықтырушы болмасын жарыс барысында команданы басқаруға және алаңдағы ойыншылардың ойындағы әдіс-тәсілдік әрекеттерін есепке (бақылауға) алуға уақытының жетпейтінін, ол дене дайындығы тұрғысынан мүмкін емес екендігіне назар аудардық. Сонымен қатар, біз ізденіс жасаған отандық және шетелдік әдебиеттерде бақылау әдісі (есепке алу) терең зерттеліп, тәжірибе жүзінде практикада қолданылмағанын және жасөспірім баскетболшыларды жауапты жарысқа дайындау барысында әрбір қимыл-әрекетті есепке алу (бақылау) әдістері қарастырылмағанына көз жеткіздік.

Әр қимылдың өзіндік орындалу техникасы бар. Техника қатесіз, таза және мінсіз орындалуы тиіс. Ол үшін берілген тапсырманы (қимылды) сан рет, күн сайын, апталап, айлап тіпті жылдап үнемі, үздіксіз, жүйелі түрде қайталап отыру керек. Сонда ғана ол «автоматты» меңгерілу деңгейіне жетеді. Екінші сөзбен айтқанда динамикалық (физиологиялық) стереотип қалыптасады. Нәтижеде спортшы ол қимылды, техниканы (олар сан алуан) мүлтіксіз, таза және қатесіз орындай алу мүмкіндігіне ие болады.

Әрбір жаттығу сабағы үздіксіз жыл он екі ай мерзіміне жоспарланады десек, осы мерзімдегі психологиялық-физиологиялық жүктемелерді жүйелеудің де маңызы зор. Жаттығу мен жарыс спортшылардан үлкен психикалық әрі дене қуат күшінің көп жұмсалуды қажет етеді.

Бір командаға қолданған айла-тәсіл, келесі командаға қолдануда іске аспайтындығы тәжірибеде белгілі. Сондықтан, дәрігерлік-биологиялық бақылаусыз, қара дүрсін, монотонды, ғылыми негізделмеген жаттығу сабағы ешқандай нәтиже бермейді. Әр жаттығудың өз мақсаты, өлшемі, жұмыс көлемі болуға тиіс [14].

Әрбір жаттықтырушы осы айтылған қағидаларды неғұрлым тез меңгеріп, тәжірибеде кеңінен қолдана, соғұрлым спортшылардың да жарысқа дейінгі спорттық бейімділігі қалыптасып, жеңістің биік шыңына жылдам жете алады.

Бұл зерттеу жұмысында жасөспірім баскетболшылардың ойындағы қимыл әрекетіне шынайы баға беру үшін жарыстарда әдіс-тәсілдік әрекеттерін есепке алудың (бақылаудың) ең тиімді нұсқасын алып қарадық. Мұндай есепке алу жаттықтырушыға ойыншыларды шарболаттай шыңдап, ынта-ықыласын арттыруға және оқу-жаттығу процесіне тиімді өзгерістер енгізіп, команданы ортақ мүддеге жұмылдырып, тәртіпке негізделген ұйымшыл ұжым қалыптастыруға таптырмайтын құрал болып табылады. Ол келесі әрекеттерге негізделіп жүргізілуі керек деп санаймыз:

а) ойынға негізделген есепке алудың алғашқы түрі - жасөспірім баскетболшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерінің қажеттілігі мен маңыздылығын бақылау [15]. Бұл үшін ойыншының алаңдағы қимыл-әрекеттерін есепке алудың бірнеше түрлерін (бейнекамера түсіру, жазу, стенографиялық және графикалық жазба және т.б.) таңдауға болады;

б) графикалық жазба - бұл есепке алудың маңыздылығына қарай қолданылады. Мәселен, жаттықтырушы команданың қорғанысын тас қамал етіп, шабуылшылар бұзып жарып өте алмауы үшін қарсыластың қимыл әрекеттерін қырағылықпен бақылап, шабуылшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерін мұқият қадағалап, ойыншылардың ойын қарқыны мен жеке шеберліктерін терең зерделеуі керек. Осы тұрғыда баскетболдан мектеп оқушылары арасында Республикалық және облыстық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған, жоғары санатты жаттықтырушы Ө.Н.Оспанбековтың оқу-жаттығу үдерісінде көп жылдар бойы қолданып келген графикалық жазба әдісі өте тиімді. Бұл «Графикалық жазба» әдісі 2014 жылы өткен мектеп мұғалімдерінің «Білім берудегі мен ойлап тапқан әдіс» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Үздік жоба» аталымына ие болды. Ө.Н.Оспанбековтың осы жоба негізінде дайындаған мектеп командасы 2015-2022 жылдар аралығында баскетболдан облыс біріншілігінде үш дүркін жеңімпазы, бірнеше дүркін жүлдегері атанды [16];

в) бүгінде ғарыштық жылдамдықпен дамып жатқан ақпараттық технология заманында жаттықтырушыға өткен жарыстар мен ойындардың бейнежазбасын қарауға, ойыншылардың ойындағы шеберліктері мен қателіктерін қайта көріп, талдау жасауға, өрескел кемшіліктерді жазып алуға, қателіктермен жұмыс істеуге, қарсылас команданың

артықшылықтары мен кемшіліктеріне назар аударып, жеңіске жетудің жоспарын құруға таптырмас мүмкіндік;

г) ойындағы арнайы дайындалған әдіс-тәсілдік әрекеттердің қаншалықты тиімді болғанын анықтау және ойыншылардың алаңдағы барлық қимыл әрекеттері мен көрсеткіштерін саралау үшін стенографиялық жазба әдісін қолдану да өте тиімді. Бұл әдіс арқылы қандай әдіс-тәсілдік әрекеттер мен ойындағы жетістіктер бақыланып, ойында көрсеткіштің қандай шартты белгілерді пайдалануға болатынын анықтауға болады.

Республикалық деңгейдегі жарыстар барысында қолына қаламы мен дәптерін ұстап, ойынның әдіс-тәсілдік әрекеттерін сызып (жазып) жүрген жаттықтырушыларды жиі көреміз. Көптеген жарыс (ойын) барысында кейбір жаттықтырушылар ойынның (ойыншының) жекелеген қимыл әрекеттерін, кемшілік-қателік тұстарын дәптеріне түртіп алып жатады. Бұл әдіспен нақты көрсеткішті алу өте қиын. Өйткені: а) оған жаттықтырушы көп уақытын бөлуге тура келеді; б) жаттықтырушы командаға бағыт-бағдар мен ақыл-кеңес, әрбір ойыншыға жеке нұсқау бере отырып, шынайы мәлімет алу қиындық тудырады; в) бейнежазбаны қайта көру арқылы нақты мәліметтер алуға мүмкіндік болады, бірақ бұл үрдіс өте көп уақытты алады. Себебі, жаттықтырушы өткен ойынның барлығын мұқият қайта қарап, команданың кем-кетігін бақылауға көп уақытын бөлуге мәжбүр болады.

Біз Түркістан және Қызылорда облыстарындағы бірнеше жаттықтырушының көп жылдық тәжірибелерін зерделей келе, олардың оқу-жаттықтыру үдерісінде ешқандай тың ізденістер мен жаңашыл бастамаларға сүйенбей ескі әдіспен (жүйемен) жүргізетінін аңғардық. Сондықтан осы мәселелерді жетекші мамандармен жан-жақты талдап, жауапты жарысқа дайындық барысында жасөспірім баскетболшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерін есепке алу (бағалау) карточкасын ұсындық. Бұл әрбір жасөспірім баскетболшының алаңдағы ойын кезіндегі барлық қимыл әрекеттерін бақылауға арналған карточкадан және әрбір баскетболшының жиынтық карточкасы мен команданың нәтижелік карточкасынан тұрады.

Бұл карточкаларды тиімді қолдану бағытында келесідей шартты белгілерді назарға алдық:

«●» - сақинаға доп нәтижелі лақтырылды (2-3 ұпай); «○» - сақинаға доп нәтижесіз лақтырылды (2-3 ұпай); «▲» - допты серіктеске беру сәтті орындалды; «▼» - допты серіктеске беру сәтсіз орындалды; «►» - дриблинг сәтті орындалды; «◇» - тез бұзып жарып өту; «■» - тосқауыл қою; «□» - айып добын орындау.

Біз осы ғылыми мақалада мектепаралық жарыстағы «Түркістан» - «Кентау» командалары арасындағы ойынның бір кезеңінде баскетболшы А.І.-нің қимыл әрекеттері мен әдіс-тәсілдік әрекеттерін есепке алу (бағалау) карточкасын, бір кезеңдегі (10

минут) А.І.-нің жиынтық нәтижелілік карточкасын және осы ойын барысындағы «Түркістан» - «Кентау» командаларының бір кезеңдегі нәтижелілік карточкасын қарастырамыз. Есепке алынған барлық көрсеткіштер 1-кестеде беріледі.

1-кесте – жасөспірім баскетболшының қимыл әрекеттері мен әдіс-тәсілдік әрекеттерін есепке алу (бағалау) карточкасы арқылы Кентау командасының ойыншысы А.І.-нің ойынын бақылау

Әдіс-тәсілдік әрекеттер  мин/сек.	Бірінші кезең																			
	30	1	1,30	2	2,30	3	3,30	4	4,30	5	5,30	6	6,30	7	7,30	8	8,30	9	9,30	10
Сақинаға доп нәтижелі лақтырылды		•				•		•												
Сақинаға доп нәтижесіз лақтырылды	○		○	○			○		○					○			○			
Допты серіктеске беру сәтті орындалды	▲	▲		▲		▲		▲	▲											
Допты серіктеске беру сәтсіз орындалды			▼		▼						▼			▼				▼		
Дриблинг сәтті орындалды	▶			▶	▶	▶			▶				▶				▶			▶
Допты ойынға сәтті қосу		◀			◀				◀			◀	◀			◀				◀
Тез бұзып жарып өту				◇			◇					◇								◇
Тосқауыл қою					■			■								■				
Айып добын орындау							□													□

Бұл ұсынылған баскетболшының қимыл әрекеті мен әдіс-тәсілдік әрекеттерін есепке алу (бағалау) карточкасы жаттықтырушыға ойын басталған уақыттан бастап көрсеткішті нақты анықтауға көмектеседі. Жаттықтырушыға келесі көрсеткіштер бойынша дәл мәлімет алуға мүмкіндігі болады: жасөспірім баскетболшының сандық және пайыздық шеберлігі ойынның нәтижесіне ғана емес, сондай-ақ 12 әдістік әрекеттен (допты алып жүру (дриблинг); допты бір қолмен иық тұстан беру; допты екі қолмен кеудеден беру, допты екі қолмен жоғарыдан беру, допты төменнен бір қолмен беру; допты төменнен екі қолмен беру; допты сақинаға лақтыру (2 ұпай); допты сақинаға лақтыру (3 ұпай); тез бұзып жарып өту (быстрый прорыв); тосқауыл қою (заслон); допты ойынға сәтті қосу; айып добын орындау) басқа ойыншының командаға көп ұпай әкелген 2 және 3 ұпайлары бойынша сақинаға дәл лақтырулар саны; айып добын лақтырудағы қателіктер; тосқауылды сапалы-сауатты орындауы;

қорғаныстың сыр беріп, қарсыласқа ұпай алуға мүмкіндік жасауы; команданың әр ойыншысының әдіс-тәсілдік әрекеттерді шеберлікпен орындауын жиынтық карточкаға түсіріп отыруға болады.

Бұл әдіс жаттықтырушыға жасөспірім баскетболшының жеке шеберлігі мен баскетбол ойынындағы сан алуан әдістерді сапалы орындауы мен әдіс-тәсілдік әрекеттерді, жалпы және арнайы дене дайындығы мен дене сапаларының (күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділік) дамуындағы кемшіліктерді анықтап, олармен жүйелі түрде жұмыс жасау бағытында оқу-жаттығу үдерісін дұрыс құруға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, карточкамен жұмыс жасау жасөспірім баскетболшылармен жаттығу жүргізу барысында психологиялық тұрғыдан үлкен қолдауға ие. Есепке алу (бақылау) көрсеткіштерін тиімді қолдану жасөспірім баскетболшылардың әдістік шеберліктерін дамытуға үлкен көмек көрсетеді. Және де ойындағы көрсеткіштерді үздік баскетболшылар мен қарсылас

командалардың нәтижелерімен салыстырып, талдау жасауға мүмкіндік жасайды.

Біз ерлер арасында өткен мектепаралық жарыстағы ойындарды талдау барысында карточкалар арқылы толыққанды мәлімет алдық. Карточканың көмегімен жарыста жеңіліс тапқан басты көрсеткіштерді анықтауға үлкен мүмкіндік болды. Ол 2-кестеде көрсетіледі: доп сақинаға сәтті лақтырылды - 30%, доп сақинаға сәтсіз лақтырылды - 70%, допты серіктеске беру сәтті орындалды - 54,5%, допты серіктеске беру сәтсіз орындалды - 45,4%, дриблинг сәтті орындалды - 61,5%, допты ойынға сәтті қосу - 100%, тез бұзып

жарып өту (быстрый прорыв) - 66,6%, тосқауыл қою (заслон) - 75 %, айып добын орындау - 66,6% құрады. Ал, 3-кестеде жарыс барысында бір кезеңдегі команданың нәтижесі көрсетілген. Жаттықтырушы осы карточкалармен есепке алу (бақылау) арқылы жасөспірім баскетболшыларды дайындау барысында ойыншының және команданың әдіс-тәсілдік әрекеттерді орындауда қандай кемшіліктер орын алғанын, қандай арнайы және жалпы дене жаттығуларына көп көңіл бөлуі керек екендігі туралы нақты мәлімет алып, оқу-жаттығу процесіне өзгерістер енгізіп, жаттығуларды түрлендіріп жүргізуіне болады.

Кесте 2 - Бір кезеңдегі ойыншы А.І.-нің нәтижесі

Әдістік әрекеттер	Ойыншының нәтижесі																	
	●	%	○	%	▲	%	▼	%	▶	%	◀	%	◇	%	■	%	□	%
Доп сақинаға сәтті лақтырылды	10/3	30																
Доп сақинаға сәтсіз лақтырылды			10/7	70														
Допты серіктеске беру сәтті орындалды					11/6	54,5												
Допты серіктеске беру сәтсіз орындалды							11/5	45,4										
Дриблинг сәтті орындалды									13/8	61,5								
Допты ойынға сәтті қосу											7/7	100						
Тез бұзып жарып өту													6/4	66,6				
Тосқауыл қою															4/3	75		
Айып добын орындау																	3/2	66,6
<b>Қорытынды:</b>	<b>саны</b>	<b>3</b>	<b>7</b>	<b>6</b>	<b>5</b>	<b>8</b>	<b>7</b>	<b>4</b>	<b>3</b>	<b>2</b>								
	<b>%</b>	<b>30</b>	<b>70</b>	<b>54,5</b>	<b>45,4</b>	<b>61,5</b>	<b>100</b>	<b>66,6</b>	<b>75</b>	<b>66,6</b>								

Кесте 3 - Бір кезеңдегі команданың нәтижесі

Әдістік әрекеттер	Команданың нәтижесі																	
	●	%	○	%	▲	%	▼	%	▶	%	◀	%	◇	%	■	%	□	%
Доп сақинаға сәтті лақтырылды	95/37	39																
Доп сақинаға сәтсіз лақтырылды			95/58	61														
Допты серіктеске беру сәтті орындалды					124/76	61,3												

Допты серіктеске беру сәтсіз орындалды						124/24	19,7										
Дриблинг сәтті орындалды								158/142	90								
Допты ойынға сәтті қосу										28/26	92,8						
Тез бұзып жарып өту												13/9	69,2				
Тосқауыл қою														19/15	79		
Айып добын орындау																8/5	62,5
Қорытынды:	саны	37	58	76	24	142	26	9	15	5							
	%	39	61	61,3	19,7	90	92,8	69,2	79	62,5							

Ескерту. Мысалы, кесте-1. Доп сақинаға сәтті лақтырылды. 10 орындаудан сәтті орындалғаны - 3.

Жаттықтырушылар оқу-жаттығу үдерісінде біз ұсынған әдісті қолданған жағдайда төмендегі ұсыныстарға баса назар аударулары қажет деп санаймыз:

1. Карточка арқылы есепке алу (бақылау) әдісі ойынның барлық кезеңі туралы мәлімет бермейді, тек ойын барысында баскетболшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерін бақылап, шеберлігі мен кемшілік тұстарын бағдарлап, статистикалық есеп алуға (бақылау) көмектеседі.

2. Команданың нәтижесі бойынша дәл және нақты мәлімет алу үшін матчтық кездесулерде теориялық және тәжірибелік дайындығы жоғары, ойын барысына қырағылықпен бақылау жасай алатын және ойын ережелерін жақсы меңгерген бес бақылаушы қажет. Ал, жеке баскетболшылардың ойындағы шеберлігін, әдіс-тәсілдік әрекеттерді меңгеру деңгейін, дене сапаларының дайындығынын тексеру үшін бір-екі бақылаушы жеткілікті болады.

3. Карточкамен есеп алу (бақылау жүргізу) үшін дайындық жүргізудің маңызы зор. Егер барлық төрт кезеңге (40 минутқа) бақылау жүргізу қажет болға жағдайда карточканы артығымен жасап қою қажет.

4. Екі-үш кездесудің нәтижесімен қорытынды шығаруға болмайды. Өйткені, көрсеткішті есепке алу (бақылау) жүйелі түрде жүргізілмесе ойыншылардың ойындағы әдіс-тәсілдік әрекеттерді меңгеру нәжжесін анықтау қиындық тудырады. Жаттықтырушы есепке алуды (бақылауды) үнемі бақылап, қадағалап отырғаннан кейін ғана ойыншылардың тұрақты жіберетін қателіктерін анықтап, қандай бағытта жұмыстар жүргізу қажеттілігін тұжырымдай алады.

Біз бұл жұмысымыздың нәтижелі болатынына 100 пайыз кепілдік бермейміз. Бірақ, тәжірибе барысында аңғарғанымыздай жаттықтырушылар жасөспірім баскетболшыларды жарысқа дайындауда есепке алу (бақылау) карточкаларын пайдалану арқылы ойыншылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерінің көрсеткіштері жақсарып, біршама жетістікке жеткенін атап өтеміз. Енді біз ұсынған карточканы қолданудың артықшылықтары мен кемшілік тұстарына назар аударсақ:

**Артықшылық тұстары.** Карточка арқылы есеп алу (бақылау) ойындағы әрбір баскетболшының әдіс-тәсілдік әрекеттерді қаншалықты деңгейде меңгергенін, жылдамдық пен төзімділік қабілеттерінің даму көрсеткішін, алаңда әріптесіне нәтижелі доп беру мен сақинаға доп лақтыру, дриблинг жасау, серіктесті түсіну, тосқауыл қою, тез бұзып жарып өту шеберліктерінің деңгейін анықтауға және нақты мәлімет алуға көмектеседі. Сонымен қатар, жауапты ойындар қарсаңында жасөспірім баскетболшының әдіс-тәсілдік және қимыл әрекеттерді орындау барысындағы қателіктерді түзету үшін оқу-жаттығу үдерісін тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Карточка арқылы есеп алу (бақылау) күнделікті оқу-жаттығу үдерісінде алаңдағы ойыншылардан басқа қосалқы ойыншыларды бақылаушы ретінде тартуға маңызды рөл атқарады. Өйткені, қосалқы ойыншылар ойын алаңындағы серіктестерінің ойнау шеберліктері мен өрескел және ішінара қателіктеріне назар аудара отырып, әдіс-тәсілдік әрекеттерді автоматты түрде орындау дағдыларын барынша қадағалап, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік



алады. Бұл әдістің тағы бір артықшылық тұсы - ойыншыларды жаттықтырушылық қызметке дайындап, қателіктерді байқауда қырағы болуға және ойыншылардың әрбір қимыл-әрекеттеріне шынайы баға беруге дағдыландырады. Сондай-ақ, жаттықтырушыға көмектесіп, сырттан бақылау арқылы командада туындайтын психологиялық шиеленісті, оны шешудегі жаттықтырушының рөлін терең сезініп, баскетбол ойынына деген ынта-ықыласын арттырады.

Осы әдісті тиімді қолдану арқылы жаттықтырушы ойын (жарыс) кезінде команданың әрбір мүшесінің әдіс-тәсілдік әрекеттерді орындау кезіндегі қателіктерін жазып алуға уақыт жоғалтпай, командалық ойынға, жекелеген ойыншыларға әдістемелік нұсқау беруге, қателіктерін дер кезінде айтып отыруға, мықты командамен кездескенде психологиялық тұрғыдан сынып кетпеуіне назар аударуына мүмкіндігі мол болады. Бұл әдіс жаттықтырушының жұмысын жеңілдетуге көмектеседі және ойыншылардың жауапкершілігін арттырып, әдіс-тәсілдік әрекеттерді сапалы орындауына, шеберліктерін жетілдіруге мүмкіндік жасайды.

**Кемшілік тұсы.** Мәліметтер (ақпараттар) тек ойыншының әдістік-тәсілдік әрекеттерін айқындаумен ғана шектеліп, арнайы тәжірибесі бар, ойын ережелерін терең меңгерген, дайындығы жоғары бақылаушылардың болуын талап етеді.

**Қорытынды.** Біз бұл жұмысымызда жасөспірім баскетболшыларды жарыстарға дайындау барысында әдіс-тәсілдік әрекеттерін арнайы карточкалар арқылы есепке алудың (бақылаудың) ұсынылған әдісін қолдануды барлық жаттықтырушыларға міндеттемейміз. Халық арасында «Ең мықты деген әдістің өзі ең әлсіз әдіс болып қалуы мүмкін», - деген қағида бар. Бұл тәжірибеде дәлелденгендіктен барлық ескертпелер мен ұсыныс-пікірлерді қабылдауға дайынбыз. Алай-

да, біз ұсынған жасөспірім баскетболшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерін есепке алу (бақылау) карточкасы - жаттықтырушыға оқу-жаттығу үдерісінде және жарыс барысында өз командасы мен қарсылас команданың әдіс-тәсілдік әрекеттерін, ойын өрнегін, ойыншылардың жеке шеберліктері мен психологиялық, техникалық, тактикалық дайындықтарын талдау бағытында қолдану үшін өте тиімді көмекші құрал болатындығына сеніміміз мол. Әрбір жаттықтырушыға жеке ақпараттарды жинақтау - ойыншының микро, мезо, макроциклді дайындық барысында кемшіліктері мен қателіктерін білуге, әдіс-тәсілдік әрекеттері мен арнайы және жалпы даярлықтарын дамытуға, дене қабілеттерін арттыруға, ойын кезіндегі артықшылық тұстарын көруге, техникалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруға мүмкіндік береді.

Бұл карточканы жасөспірім баскетболшының әдіс-тәсілдік әрекеттерін статистикалық есепке алудың (бақылаудың) негізі деп санауға болады. Жаттықтырушы бұл әдіске өзінің қалауынша (ойыншының артықшылық немесе кемшілік тұстарын анықтау бағытында) тәсілдерді ауыстырып (ізденістер арқылы жаңартып отыруға), өзгерістер енгізуіне болады, бұл әдісті басқа да спорттық ойын түрлерінде қолданып, ойыншылардың және команданың артықшылық немесе кемшілік тұстарын дер кезінде анықтап отыруға мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, жаттықтырушы оқу-жаттығу үдерісінде қатысты үздіксіз ізденістер жасап, әрбір жаттығуды ғылыми тұрғыдан негіздеп, жетекші ғалымдардың ұсыныс-пікірлері мен тың деректеріне назар аударып, сапалы өткізуді дағдыға айналдыруы тиіс. Ойыншының әдістік қимыл әрекетімен қатар команданың тәсілдік қимыл әрекетін де есепке алып, үнемі ойыншыны белсендіріп, қандай қиындық болса да жеңіп шығуға психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетіп отыруы қажет санаймыз.

## Әдебиеттер

- 1 Есіркепов Ж.М. Мектепте баскетболды үйрету әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: «Эверо», 2014. - 162 б.
- 2 Садыков С.К. Дене тәрбиесі саласы бойынша жаңалықтарды креативтендіру. (20.01.2024)
- 3 Алдабергенов Ш.А., Абилкаиров С.М. Использование подвижных игр в различных периодах спортивной тренировки // Вестник физической культуры. - 2013. - №1 (30). - С. 68-71.
- 4 Досмамбетов Т.А. Повышение эффективности тактической подготовки юных баскетболистов // Матер. междунар. науч.-практич. конф. «Образование, воспитание и применение инновационных технологий в области физического воспитания и спорта: проблемы и пути решения». - Ташкент, 2023. - Ч. II. - 251 с.
- 5 Абишев А.Р., Мусабеков А.С. Подвижные игры в занятиях спортом // Вестник физической культуры. - 2015. - №3,4 (41). - С. 115-119.
- 6 Исмаилова Х.И., Салимбаев Б.М. Варианты развития навыков игры в мини-баскетбол // Вестник физической культуры. - 2011. - №3 (24). - С. 43-46.
- 7 Иванов А.С., Талгат А.Т. Физическая работоспособность юных баскетболистов в подготовительном периоде // Вестник физической культуры. - 2011. - №3 (24). - С. 29-35.
- 8 Орехов Л.И., Ескалиев М.З. Начальное обучение и отбор юных баскетболистов с учетом биологического возраста // Вестник физической культуры. - 2009. - №2 (17). - С. 74-78.

- 9 Долженко Л.П., Павлова Т.Б. Физическое здоровье и физическая подготовленность школьников 10-15 лет, занимающихся баскетболом // XVIII Междунар. науч. конгресс «Олимпийский спорт и спорт для всех». - Алматы: КазАСТ, 2014. - 3 том. - С. 86-90.
- 10 Тажбан К.Ж. Жасөспірім баскетболшылардың дене сапаларын дамытуға арналған қимыл-қолғалыс ойындары // Изденіс жолы. - 2015. - №18 (07). - Б. 78-81.
- 11 Қуатбеков Ш.Н. Жас жаттықтырушыларды дайындау жүйесін ақпараттандырудың теориялық-әдістемелік аспектілері // Педагогика хабаршысы. - 2017. - №2. - Б. 20-23.
- 12 Анарбаев А.К., Сабденбеков Е.У. Применение методов круговой тренировки в подготовке юных баскетболистов // Матер. междунар. науч. -практич. конф. «Образование, воспитание и применение инновационных технологий в области физического воспитания и спорта: проблемы и пути решения». - Ташкент, 2023. Часть III. - 456 с.
- 13 Мурзабеков М.М., Ержанов С.У. 15-16 жас аралығындағы жасөспірімдердің ағзасына шектен тыс түсетін жүктемелердің әсері // «Білім беру үдерісінің ізденістері мен даму тенденциялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қызылорда, 2015. - 162 б.
- 14 Егізбаев Ж. Барлық жаттығу ғылымға негізделуі тиіс // Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Қызылорда, 2022. - 456 б.
- 15 Есіркепов Ж.М., Досмамбетов Т.А. 16-17 жас аралығындағы жас баскетболшылардың техникалық-тактикалық дайындығын модельдеу // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Қызылорда, 2022. - 456 б.
- 16 Оспанбеков Ө.Н. Жасөспірім баскетболшылардың техникалық дайындығын графикалық жазба әдісін қолдану арқылы дамыту жолдары // «Білім берудегі мен ойлап тапқан әдіс» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. - Алматы, 2014. 2-кітап. - 200 б.

## References

- 1 Esirkepov ZH.M. Mektepte basketboldy үjretu әdistemesi. Оқу-әdistemelik құрал. - Алматы: «Evero», 2014. - 162 б.
- 2 Sadykov S.K. Dene tәrbiesi salasy bojnsha zhaңalyqtardy kreativtendiru. [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02WMKwnw9dKzfSwN3FPxSTuEpW92yhGx1bJfAHQ3MDdCg2D51hUSJxgyE5Ktb34nhPl&id=100009336453532&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02WMKwnw9dKzfSwN3FPxSTuEpW92yhGx1bJfAHQ3MDdCg2D51hUSJxgyE5Ktb34nhPl&id=100009336453532&mibextid=Nif5oz) (20.01.2024)
- 3 Aldabergenov SH.A., Abilkairov S.M. Ispol'zovanie podviznyh igr v razlichnyh periodah sportivnoj trenirovki // Vestnik fizicheskoy kul'tury. - 2013. - №1 (30). - S. 68-71.
- 4 Dosmambetov T.A. Povyshenie effektivnosti takticheskoy podgotovki yunyh basketbolistov // Mater. mezhdunar. nauch.-praktich. konf. «Образование, воспитание и применение инновационных технологий в области физического воспитания и спорта: проблемы и пути решения». - Tashkent, 2023. - CH. II. - 251 s.
- 5 Abishev A.R., Musabekov A.S. Podviznye igry v zanyatiyah sportom // Vestnik fizicheskoy kul'tury. - 2015. - №3,4 (41). - S. 115-119.
- 6 Ismailova H.I., Salimbekov B.M. Varianty razvitiya navykov igry v mini-basketbol // Vestnik fizicheskoy kul'tury. - 2011. - №3 (24). - S. 43-46.
- 7 Ivanov A.S., Talgat A.T. Fizicheskaya rabotosposobnost' yunyh basketbolistov v podgotovitel'nom periode // Vestnik fizicheskoy kul'tury. - 2011. - №3 (24). - S. 29-35.
- 8 Orekhov L.I., Eskaliev M.Z. Nachal'noe obuchenie i otbor yunyh basketbolistov s uchetom biologicheskogo vozrasta // Vestnik fizicheskoy kul'tury. - 2009. - №2 (17). - S. 74-78.
- 9 Dolzhenko L.P., Pavlova T.B. Fizicheskoe zdorov'e i fizicheskaya podgotovlennost' shkol'nikov 10-15 let, zanimayushchihsya basketbolom // XVIII Mezhdunar. nauch. kongress «Olimpijskij sport i sport dlya vsekh». - Алматы: KazAST, 2014. - 3 tom. - S. 86-90.
- 10 Tazhban K.ZH. ZHasәspirim basketbolshylardıñ dene sapalaryn damyturа arnalған қимыл-қолғалыс ойындары // Izdenis zholy. - 2015. - №18 (07). - Б. 78-81.
- 11 Қуатбеков Ш.Н. ZHas zhattyқтыrushylardy dajyndau zhyjesin ақпараттандырудың теориялық-әdistemelik аспектилері // Pedagogika habarshysy. - 2017. - №2. - Б. 20-23.
- 12 Анарбаев А.К., Sabdenbekov E.U. Primenenie metodov krugovoy trenirovki v podgotovke yunyh basketbolistov // Mater. mezhdunar. nauch. -praktich. konf. «Образование, воспитание и применение инновационных технологий в области физического воспитания и спорта: проблемы и пути решения». - Tashkent, 2023. CHast' III. - 456 s.
- 13 Murzabekov M.M., Erzhanov S.U. 15-16 zhas aralyfyndary zhasәspirimderdiң arzasyna shekten tys tysetin zhyktemelerdiң әseri // «Bilim beru үderisiniң izdenisteri men damu tendenciyalary» atty Halykaralyқ ғылыми-практикалық konferenciya materialdary. Kyzylorda, 2015. - 162 b.
- 14 Egizbaev ZH. Barlyқ zhattyғu ғылымға negizdelui tiis // Respublikalyқ ғылыми-тәzhiribelik konferenciya materialdary. - Kyzylorda, 2022. - 456 b.
- 15 Esirkepov ZH.M., Dosmambetov T.A. 16-17 zhas aralyfyndary zhas basketbolshylardyñ tekhnikalық-taktikalық dajyndyғyn model'deu // Respublikalyқ ғылыми-практикалық konferenciya materialdary. - Kyzylorda, 2022. - 456 b.
- 16 Ospanbekov Ө.N. ZHasәspirim basketbolshylardyñ tekhnikalық dajyndyғyn grafikalyқ zhazba әdisin koldanu arqyly damytu zholdary // «Bilim berudegi men ojlap tapқан әdis» atty Respublikalyқ ғылыми-тәzhiribelik konferenciya materialdary zhinaғы. - Алматы, 2014. 2-kitap. - 200 b.

<p><b>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)</b> Есіркепов Жандос Мергенбайұлы - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-2542-6246">https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</a></p>	<p><b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b> Есіркепов Жандос Мергенбаевич - кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Международный университет туризма и гостеприимства, г.Туркестан, Казахстан, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-2542-6246">https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</a></p>	<p><b>The Author for Correspondence (The First Author)</b> Yesirkepov Zhandos Mergenbaevich - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: zhandos-1978@mail.ru, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-2542-6246">https://orcid.org/0000-0003-2542-6246</a></p>
--	---	---